

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) және "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 2 наурыз N 211

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжат; 1997 жылғы 9 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы; 1997 жылғы 17 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының банк қызметінің мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 3-баптың 1,2,3 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары осы Кодекстен, Қазақстан Республикасының оған сәйкес қабылданған өзге де заңдарынан, Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарынан, Парламенттің қаулыларынан, Парламенттің Сенаты мен Мәжілісінің қаулыларынан (заң актілерінен), сондай-ақ осы Кодекстің 1-бабының 1,2-тармақтарында аталған қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарынан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларынан тұрады.

2. Осы Кодекстің 1-бабының 3-тармағында аталғандарды қоспағанда, азаматтық құқықтың Қазақстан Республикасының заң актілерінде қамтылған нормалары осы Кодекстің ережелеріне қайшы келген жағдайда осы Кодекстің ережелері қолданылады, Қазақстан Республикасының заңдарында қамтылған және осы Кодекстің нормаларына қайшы келетін азаматтық құқық нормалары Кодекске тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін ғана қолданылады.

3. Банктерді құруға, қайта ұйымдастыруға, олардың банкроттығына және

таратылуына, банк қызметін бақылауға және оны аудиторлық тексеруге, банк операцияларының жекелеген түрлерін лицензиялауға байланысты қатынастар банк қызметін реттейтін заң актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде осы Кодекспен реттеледі.

Банктер мен олардың клиенттері арасындағы қатынастар, сондай-ақ клиенттер арасындағы банк арқылы қатынастар азаматтық заңдармен осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіп бойынша реттеледі.";

"5. Министрліктер және өзге де орталық атқарушы органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, осы Кодексте және өзге де азаматтық заң актілерінде көзделген жағдайлар мен шектерде азаматтық қатынастарды реттейтін актілер шығара алады.";

2) 21-баптың 4-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) екінші кезекте қамтамасыз ету сомасы шегінде, жеке кәсіпкерге тиесілі мүлік кепілімен қамтамасыз етілген несие берушілердің талаптары қанағаттандырылады;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) төртінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істеп жүрген тұлғалардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі есеп айырысулар жүргізіледі;"

3) 34-баптың 2-тармағы "нысандарында" деген сөзден кейін "ғана" деген сөзбен толықтырылсын.

4) 35-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңды тұлғаның азаматтық құқықтары болып, өз қызметіне байланысты міндеттерді осы Кодекске сәйкес мойнына алуы мүмкін. Мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың азаматтық құқықтары болуы және заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызмет түрін жүзеге асыру үшін қажетті азаматтық міндеттерді атқаруы мүмкін.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда белгілі бір қызмет түрін жүзеге асырушы заңды тұлғалар үшін басқа қызметпен айналысу мүмкіндігі болмауы немесе шектелуі мүмкін.

Заңды тұлға тізбесі заң актілерінде белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен лицензия негізінде ғана айналыса алады.";

5) 37-бапта:

1-тармақ "арқылы" деген сөзден кейін "ғана" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ 2-тармақ болып есептелсін;

6) 38-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның атауы заңды тұлға тіркелгеннен кейін оның фирмалық атауы болып табылады. Заңды тұлға белгілі бір фирмалық атауымен заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.";

7) 39-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста заңды тұлға өзінің нақты мекен-жайының бірыңғай мемлекеттік тізілімге енгізілген мекен-жайға сәйкес келмейтініне сілтеме жасауға құқығы жоқ. Бұл орайда үшінші тұлғалар заңды тұлғаға мемлекеттік тізілімге енгізілген мекен-жайына да, нақты мекен-жайына да почталық және өзге де хат-хабарлар жіберуге құқылы,";

8) 41 - б а п т а :

1-тармақтағы "тек құрылтай шарты" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтың екінші абзацы мына редакцияда жазылсын:

"Шаруашылық серіктестігі мен өндірістік кооперативтің құрылтай құжаттарында олардың қызметінің мәні мен мақсаттары көзделуі мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Бір заңды тұлғаның құрылтай шарты мен жарғысы арасында қайшылықтар болған жағдайда :

1) егер олар құрылтайшылардың ішкі қатынастарына қатысты болса, құрылтай шартының ;

2) егер олардың қолданылуы заңды тұлғаның үшінші тұлғалармен қатынастарында маңызы болса, жарғының ережелері қолдануға тиіс.

7. Барлық мүдделі адамдар заңды тұлғаның жарғысымен танысуға құқылы.";

9) 42-баптың 4-тармағында "және оларды құрған заңды тұлғаның жарғысында көрсетілуге тиіс" деген сөздер алып тасталсын;

10) 44 - б а п т а :

1-тармақтың екінші абзацындағы "меншік иесі қаржыландырылатын" деген сөздер алып тасталсын ;

2,3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) немесе оның мүлкінің меншік иесі оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал заңды тұлға заңды тұлғаның құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, бұған осы Кодексте, өзге заң актілерінде не заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көзделген жағдайлар қосылмайды.

3. Егер заңды тұлғаның банкроттығы оның құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның мүлкінің меншік иесінің іс-әрекетінен туындаған болса, заңды тұлғаның қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда құрылтайшы (қатысушы) немесе оның мүлкінің меншік иесі несие берушілер алдында субсидиарлық жауапкершілікте болады.

4. Заңды тұлға үшінші тұлғалардың алдында заңды тұлғаның органы құрылтай құжаттарында белгіленген өз өкілеттігін асыра пайдаланып қабылдаған міндеттемелері бойынша жауап береді, бұған осы Кодекстің 159-бабының 11-тармағында көзделген жағдайлар қосылмайды." ;

11) 48-баптың 3-тармағы "пайда болған заңды тұлғалар" деген сөздерден кейін "

сондай-ақ құрамынан басқа заңды тұлға бөлініп шыққан заңды тұлға" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1 2) 4 9 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші абзацындағы "заң" деген сөз "заң актілері" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Заңды тұлғалардың жекелеген түрлері мемлекет уәкілдік берген тиісті органның
шешімімен заң актілерінде көзделген негіздер бойынша таратылуы мүмкін.";

13) 50-баптың 1-тармағында "заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне заңды
тұлғалардың таратылып жатқаны туралы мәліметтер енгізеді" деген сөздер алып
т а с т а л с ы н ;

14) 51-баптың 6-тармағының бірінші абзацының қазақша мәтіні өзгертілмесін;

15) 56-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"56-бап. Дәрменсіз борышқорды борыштардан босату

1. Мүлікті сатқаннан кейін және сатудан түскен ақшаны несие берушілердің
арасында бөлгеннен кейін дәрменсіз борышқор қалған міндеттемелер мен орындауға
ұсынылған және заңды тұлғаны банкрот деп тану кезінде есепке алынған өзге де
талаптарды орындаудан босатылады.

2. Дәрменсіз борышқор, егер өзінің мүлкінің бір бөлігін тарату іс басталғанға
дейінгі бір жыл ішінде жасырса немесе жасыру мақсатымен басқа адамға беріп жіберсе,
бухгалтерлік кітаптарды, шоттарды, құжаттарды қоса алғанда, қажетті есеп-қисап
ақпаратын жасырса немесе қолдан жасаса міндеттемелерін орындаудан босатылмайды.
"

1 6) 5 8 - б а п т а :

1-тармақтың екінші абзацында "осы Кодексте көзделген реттерде" деген сөздер
а л ы п т а с т а л с ы н .

3-тармақтың екінші абзацы және 7-тармақ алып тасталсын;

1 7) 5 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "меншік" деген сөз "қызмет" деген сөзбен ауыстырылсын;
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Құрылтайшылардың (қатысушылардың) жарғылық капиталға заттай нысанда
немесе мүліктік құқықтар түрінде салған салымдары барлық құрылтайшылардың
келісімі бойынша немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының жалпы
жиналысының шешімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның
құны жиырма мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне барабар сомадан асып кетсе,
оның бағасын тәуелсіз сарапшы растауға тиіс.";

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Серіктестіктің құрылтайшылары (қатысушылары) осындай баға берілген кезден бастап бес жыл бойы серіктестіктің несие берушілері алдында салым бағасы арттырылған сома шегінде бірлесіп жауап береді.

Серіктестікке салым ретінде мүлікті пайдалану құқығы берілетін жағдайларда бұл салымның мөлшері құрылтай құжаттарында көрсетілген барлық мерзімге есептелген осы мүлікті пайдалану төлемімен анықталады.

Салымдарды мүліктік емес жеке құқық және өзге де материалдық емес игілік түрінде, сондай-ақ қатысушылардың серіктестікке қойған талаптарын есептеу жолымен енгізуге жол берілмейді."

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, жарғылық капиталдағы барлық қатысушылардың үлестері және тиісінше олардың шаруашылық серіктестігі мүлкінің құнындағы үлестері (мүліктегі үлес) жарғылық капиталдағы салымдарына барабар болады."

3-тармақ "заң құжаттарында" деген сөздерден кейін "және (немесе) құрылтай құжаттарында" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталын азайтуға оның барлық несие берушілеріне хабарланғаннан кейін жол беріледі. Олар бұл жағдайда серіктестіктің мерзімінен бұрын тоқтатылуын немесе тиісті міндеттемелерін орындауын және оның зиянды өтеуін талап етуге құқылы.

Осы тармақта белгіленген тәртіпті бұза отырып жарғылық капиталды азайту мүдделі адамдардың арызы бойынша сот шешімімен серіктестікті таратуға негіз болып табылады,"

18) 60 - бапта :

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бір тұлға құрған шаруашылық серіктестіктерде жалпы жиналыстың өкілеттігі оның бірден бір қатысушысына тиесілі болады."

2-тармақтың екінші абзацы мен 1) -5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

"Серіктестіктің алқалы органдары ретінде:

1) басқарма (дирекция);

2) байқаушы кеңес;

3) заң актілерінде немесе шаруашылық серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысының (өкілдері жиналысының) шешімінде көзделген жағдайларда басқа да органдар құрылуы мүмкін."

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Шаруашылық серіктестігі қаржы есептерінің дұрыстығын тексеру және растату үшін серіктестікпен немесе оның қатысушыларымен мүліктік мүдделер жөнінен

байланысы жоқ кәсіпқой аудиторды тарта алады (сыртқы аудит).

Шаруашылық серіктестігін аудиторлық тексеру серіктестік бір немесе бірнеше қатысушысының талап етуі бойынша соның (солардың) есебінен кез келген уақытта жүргізілуге тиіс.

Шаруашылық серіктестігінің қызметіне аудиторлық тексеруді жүргізу тәртібі заңдармен және серіктестіктің құрылтай құжаттарымен белгіленеді.;

19) 61-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

20) 64-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

21) 70-баптың 6-тармағының қазақша мәтіні өзгертілмесін;

22) 72-баптың 1-тармағындағы "жауапкершілігі толық" деген сөздер алып тасталсын;

23) 73 - бапта :

2 - тармақта :

2) тармақшадағы "жылдық есебімен және баланстарымен" деген сөздер "қаржылық есеппен" деген сөздермен ауыстырылсын, "олардың" деген сөз "оның" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) заң актілерінде және құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен серіктестіктен шығуға . " ;

24) 74-баптың 2-тармағының екінші сөйлемі алып тасталсын;

25) 77 - бапта :

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының саны елуден аспауға тиіс. Бұлай болмаған жағдайда ол жыл ішінде акционерлік қоғам не өндірістік кооператив етіп қайта құрылуға, ал бұл мерзім біткеннен кейін, егер қатысушылар саны елуге дейін кемітілмесе, сот тәртібімен таратылуға тиіс.";

4-тармақтың бірінші абзацындағы "бірауыздан" деген сөз алып тасталсын;

5 - тармақ алып тасталсын;

26) 78-баптағы 1-тармақ "құрылтайшылары" деген сөзден кейін "(қатысушылары)" деген сөзбен толықтырылсын.

2 - тармақ алып тасталсын.

27) 79-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) серіктестіктің қаржылық есебін бекіту және оның таза табысын бөлу.";

28) 80 - бапта :

1-тармақ "бір бөлігін" деген сөздерден кейін "өз қалауынша" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер серіктестіктің құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушының өз үлесін (оның бір бөлігін) үшінші адамдарға

б е р у і н е

б о л а д ы .

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар үшінші тұлғалар алдында үлесті немесе оның бір бөлігін сатып алуға артықшылық берілген құқықты пайдаланады. Егер құрылтай құжаттарында немесе серіктестік қатысушыларының келісімімен өзгеше көзделмесе, үлесті (оның бір бөлігін) сатып алуға артықшылық берілген құқықты қатысушылар серіктестіктің жарғылық капиталындағы өз үлестерінің мөлшеріне барабар жүзеге асырады.

Үлес (оның бір бөлігі) сатып алуға артықшылық берілген құқық бұзыла отырып сатылған кезде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің кез келген қатысушысы сатылған күннен бастап үш ай ішінде өзіне сатып алушының құқықтары мен міндеттерін аударуды сот тәртібімен талап етуге құқылы.";

3-тармақта "жарғысына" деген сөз "құрылтай құжаттарына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Заң актілерінде үлестің заңды тұлғалардың құқықтық мұрагерлеріне ауысу ерекшеліктері көзделуі мүмкін.";

29) 82-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"82-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушысынан үлесті мәжбүрлеп сатып алу

Жауапкершілігі шектеулі серіктестің қатысушысы заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында белгіленген серіктестік алдындағы өз міндеттерін бұзған жағдайда серіктестік жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес сот бойынша осындай қатысушының үлесін серіктестіктің қатысушымен келісімінде белгіленген бағамен мәжбүрлеп сатып алуды талап етуге құқылы. Келісімге қол жетпеген жағдайда мәжбүрлеп сатып алынатын үлестің бағасын сот белгілейді.";

30) 83-бапта бірінші сөйлем алып тасталсын ;

31) 85-баптың 3-тармағы "жауапты болады және" деген сөздерден кейін "егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе" деген сөздермен толықтырылсын;

32) 86-бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Акционерлік қоғам акционерлерге жыл сайын қаржылық есепті хабарлап отыруға міндетті." ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жабық акционерлік қоғамда құрылтайшылар (акционерлер) арасында акцияларды бөлу акцияларды шығару (эмиссия) болып табылмайды және тіркеуге жатпайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жабық акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарында өз әрекетімен қоғамның мүдделерін елеулі түрде бұзған қатысушының акцияларын қоғамның сот тәртібімен мәжбүрлеп сатып алу мүмкіндігі көзделуі мүмкін.";

7 - тармақ алып тасталсын;

33) 87-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

3 4) 9 0 - б а п т а :

1-тармақта "акциялардың жалпы санын қысқарту" деген сөздер "акцияларды жою деген сөздермен ауыстырылсын;

2,3 және 4-тармақтар алып тасталсын;

3 5) 9 1 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Акционерлік қоғам өзінің жарғылық капиталын толық төлегеннен кейін және жылдық қаржылық есептері тиісінше бекітілген жағдайда өзі өмір сүре бастағаннан кейін кемінде үшінші жылдан соң облигация шығаруға құқылы.";

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер жеке капиталының мөлшері (таза активтерінің құны) дивидендтер төлеу нәтижесінде жарғылық капиталдың мөлшерінен кем болып қалса, дивидендтерді жария етуге және төлеуге құқығы жоқ";

3 6) 9 2 - б а п т а :

2-тармақтың 8-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) қоғамды тарату немесе қайта ұйымдастыру, тарату комиссиясын тағайындау, тарату балансын бекіту туралы шешімдер қабылдау жатады.";

оныншы абзац "жиналысының" деген сөзден кейін "айрықша" деген сөзбен толықтырылсын;

7 - тармақ алып тасталсын;

37) 96-баптың 1-тармағындағы "(үлестерін)" деген сөз алып тасталсын;

38) 97-баптағы "жарна қосу" деген сөздер "жарналарды енгізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 9) 9 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өндірістік кооперативтің меншігіндегі мүлік, егер кооперативтің жарғысында өзгеше көзделмесе, оның мүшелерінің пайларына олардың жарналарына барабар бөлінеді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өндірістік кооператив таратылған немесе кооператив мүшесі одан шыққан жағдайда кооператив мүшесінің өз пайын бөліп алуға құқығы бар.";

4 0) 1 0 0 - б а п т а :

1-тармақтың екінші абзацында "қаржы жылы", "бухгалтерлік балансы" деген сөздер "есепті кезең", "қаржы есебі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өндірістік кооперативтің мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері, егер кооперативтің жарғысында өзгеше көзделмесе, кооператив мүшесі етіп

қабылдануы мүмкін. Қайтыс болған кооператив мүшесінің мұрагері кооперативке кіруден бас тартқанда немесе кооператив мұрагерді қабылдаудан бас тартқанда оған мүліктегі қайтыс болған кооператив мүшесінің пайына бара-бар үлес, сондай-ақ кооперативтің таза табысының қайтыс болған адамға тиесілі бөлігі және кооператив қызметіне қосқан жеке еңбегі үшін сыйақы төленеді.";

41) 102 - бапта :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік кәсіпорын уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша құрылады, таратылады және қайта ұйымдастырылады.";

6 - тармақ алып тасталсын ;

42) 103-баптың 2-тармағының үшінші абзацындағы "осы Кодекстің 44-бабының 3-тармағында" деген сөздер "осы Кодексте және өзге де заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

43) 106-баптың 2-6-тармақтары алып тасталсын;

44) 108-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Заң актілерінде көзделген жағдайларда тұтыну кооперативіне заңды тұлғалар кіре алады . " ;

45) 109-баптың 2,4-8-тармақтары алып тасталсын;

46) 110-баптың 1-тармағы "өзара" деген сөзден кейін "сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдармен бірлескен" деген сөздермен толықтырылсын.

47) 117-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын дүние, жылжымайтын зат) жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын мүлік жатады . " ;

48) 118 - бапта :

1-тармақтағы "бірыңғай мемлекеттік реестрде" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, оралымды басқару құқығы, бір жылдан астам мерзімге жер пайдалану құқығы, бір жылдан астам мерзімге пайдалану құқығы, жылжымайтын мүлікті кепілге беру, жылжымайтын мүлікке рента, сенім білдіру арқылы басқару құқығы мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап пайда болады . " ;

49) 119-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Мүлік кешені ретіндегі кәсіпорын құрамындағы борыштарды берген кезде несие берушілердің құқықтарына осы Кодекстің 48-бабында көзделген тәртіппен кепілдік беріледі . " ;

50) 125-баптың 1-тармағы "Кодексте" деген сөзден кейін "және өзге де заң актілерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

5 1) 1 3 2 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Заң актілерінде атаулы акциялар бойынша құқықтарды беру көзделуі мүмкін.";

3 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "индоссантқа" деген сөз "(индоссатқа)" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзац "индоссантқа" деген "индоссатқа" деген сөзбен ауыстырылсын;

52) 139-баптың 2-тармағының бірінші абзацындағы "белгіленген проценттерінде" деген сөздер "есептелген" деген сөзбен ауыстырылсын;

53) 141-баптың 3-тармағы "құқық бұзған" деген сөздердің алдынан "егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе" деген сөздермен толықтырылсын;

54) 152-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "жиырма бес ең төменгі жалақы" деген сөздер "жүз есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 155-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заң актілеріне сәйкес мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге тиіс мәмілелер, оның ішінде осы Кодекстің 118-бабының 2-тармағының бірінші бөлігінде аталған құқықтарды туындататын, өзгертетін немесе тоқтататын мәмілелер, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, олар тіркелгеннен кейін жасалған болып есептеледі.

Тіркеуден бас тартылу жазбаша түрде ресімделуге тиіс және заң талаптарының бұзылуына сілтеме жасалғанда ғана мүмкін болады.";

5 6) 1 5 6 - б а п т а :

баптың атауындағы "және трасталық" деген сөздер алып тасталсын;

6 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

57) 159-баптың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Заңды тұлғаның осы Кодексте, өзге де заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетін етіп жасаған, не оның органының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі, егер мәміледегі басқа тараптың мұндай жолсыздықтар туралы білгені немесе күнілгері білуге тиіс болғаны дәлелденсе, заңды тұлғаның мүлік иесінің қуынымы бойынша жарамсыз деп т а н ы л у ы м ү м к і н . " ;

58) 162-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

59) 182-баптың қазақша нұсқасы өзгертілмесін;

60) 188-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі.";

6 1) 1 9 1 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацында "немесе" деген сөз алып тасталсын;

1-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

62) 192-баптың 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бюджеттің қаражаты, алтын валюта қоры және алмас қоры, мемлекеттік меншіктің осы Кодекстің 193-бабында аталған объектілері және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де мемлекеттік мүлік Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынасын құрайды.";

63) 193-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"193-бап. Жерге және басқа да табиғи ресурстарға меншік Жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Жер заң актілерінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы да мүмкін.";

64) 195 - бапта :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Кодексте немесе өзге заң актілерінде көзделген басқа да заттық құқықтар.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заттық құқықтарға, егер заңдарда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, меншік құқығы туралы нормалар қолданылады." ;

65) 196-баптың қазақша нұсқасы өзгертілмесін;

66) 200 - бапта :

1 - тармақта :

"кәсіпорынның" деген сөзден кейін "егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдеме немесе кепілдік беру.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік кәсіпорын, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, негізгі қорларға жатпайтын, өзіне шаруашылық жүргізу құқығымен бекітіліп берілген мүлікке дербес билік етеді." ;

67) 202-бапта "алған" және "жүзеге асырған" деген сөздер тиісінше "алушы" және "жүзеге асырушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

68) 207 - бапта :

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Меншік иесінің қазыналық кәсіпорын мен мекеменің борыштары бойынша жауаптылығы." ;

1 және 2-тармақтар алып тасталсын;

3-тармақта "3" деген сан алып тасталсын;

69) 209-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Жылжымайтын мүлікке меншік кондоминиум нысанында пайда болуы мүмкін,

бұл жағдайда жылжымайтын мүліктің жекелеген бөліктері азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың дара (бөлек) меншігінде болады, ал жылжымайтын мүліктің бөлек меншікте емес бөліктері ортақ үлестік меншік құқығымен жылжымайтын мүлік бөліктерінің иелеріне тиесілі болады.

Әрбір меншік иесінің ортақ мүліктегі үлесі оның жылжымайтын мүліктің өзіне тиесілі бөлігіне бөлек меншігінен ажырағысыз.

Әрбір меншік иесінің ортақ мүліктегі үлесінің мөлшері мен оны ұстауға арналған шығындарға қатысу дәрежесі, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жылжымайтын мүліктің дара (бөлек) меншіктегі бөліктерінің мөлшеріне байланысты болады.

Кондоминиумның әр алуан түрлерінің құқықтық режимінің ерекшеліктері заң актілерімен айқындалуы мүмкін.";

70) 221-баптың 2-тармағында "заңмен" деген сөз "заң актілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

71) 223-баптың 2-тармағында "тиесілі" деген сөз "тиесілі болған" деген сөздермен ауыстырылсын;

72) 227-баптың екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Тұрғын үй кодексінде" деген сөздер "тұрғын үй қатынастары туралы заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

73) 228 - бапта :

1 - тармақта :

бірінші бөлігінде "шаруашылық" деген сөз алып тасталсын;
екінші бөлігінде "ортақ шаруашылық мақсатқа жету үшін" деген сөздер "табыс табу немесе заңға қайшы келмейтін өзге де мақсатқа қол жеткізу үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "шаруашылық" деген сөз алып тасталсын;

74) 230 - бапта :

3 - тармақ алып тасталсын;

4-тармақ мынадай сөздермен толықтырылсын:

"егер осы тараудың нормаларында өзгеше көзделмесе, басқа заң актілерімен немесе бірлескен қызмет туралы шартпен" деген сөздермен толықтырылсын;

75) 231-баптың мәтінінде "шаруашылық" деген сөз алып тасталсын, "болуы мүмкін" деген сөздер "пайда болған" деген сөздермен толықтырылсын;

76) 233-баптың 4-тармағында құрылтай құжаттарында деген сөздер "консорциалдық келісімде" деген сөздермен ауыстырылсын;

77) 240-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің қазақша мәтіні өзгертілмесін;

78) 243-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"243-бап. Меншік иесі бар тартқан жылжымалы заттар

1. Меншік иесі тастаған немесе оларға меншік құқығынан бас тарту мақсатымен

өзгеше түрде қалдырып кеткен жылжымалы заттар (тасталған заттар) осы баптың 2-тармағында көзделген тәртіппен басқа адамдардың өз меншігіне айналдырылуы мүмкін

2. Меншігінде, иелігінде немесе пайдалануында құны жиырма айлық есептік көрсеткішке сәйкес сомадан көрінеу төмен тасталған мүлік не тасталған металл сынықтары, жарамсыз өнім жатқан жер учаскесі бар адамның ол заттарды пайдалануға кірісіп немесе осы заттарды меншігіне қаратқандығына куә болатын өзге де іс-әрекет жасап, оларды өз меншігіне айналдыруға құқығы бар.

Басқа тасталған заттар, егер осы адамның арызы бойынша оларды сот иесіз деп таныса, оларды иеленуге кіріскен тұлғаның меншігіне кіреді.";

79) 251-баптың 1-тармағындағы "заң құжаттарында немесе" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

80) 253-баптың 1-тармағында "мемлекеттік өкімет және басқару органдары" деген сөздер "мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

81) 261-баптың 3-тармағындағы "бірінші бөлігінде" деген сөздер 1-тармағында деген сөздермен ауыстырылсын;

82) 269-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

83) 281-баптың 4-тармақшасындағы "негізгі" деген сөз "жаңа" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

84) 287-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің қазақша мәтіні өзгертілмесін;

8 5) 2 9 1 - б а п т а :

1-тармақтағы "нотариаттық кеңсенің" деген сөздер "нотариустың" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақшадағы "нотариаттық кеңсенің", "Нотариаттық кеңсе" деген сөздер тиісінше "нотариустың", "Нотариус" деген сөздермен ауыстырылсын;

86) 293-баптағы "заңмен" деген сөз "заңдармен" деген сөзбен ауыстырылсын;

87) 299-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "заң құжаттарында белгіленген алымдарды шығарып" деген сөздер "осы Кодексте белгіленген алып тасталатындарды қоспай" деген сөздермен ауыстырылсын;

88) 301-баптың 5-тармағындағы "шаруашылық жүргізуші субъектілердің" деген сөздер "адамдардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

89) 311-баптың 1-тармағындағы "алдындағы кепіл ұстаушылардың талаптарынан" деген сөз тіркесі "...талаптары қанағаттандырғаннан" деп толықтырылсын;

90) 325-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

91) 328-баптың 5-тармағындағы "кепілге қойылған мүлікті сату үшін белгіленген тәртіп бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

92) 339-бап мынадай редакцияда 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Міндеттеменің жекелеген түрлері бойынша талап ету құқығын берудің ерекшеліктері заң актілерінде белгіленуі мүмкін.";

93) 344-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) міндеттемені оның кепіл болушысы, тапсырушысы немесе осы міндеттеме бойынша борышқор болып табылмайтын кепілге зат берушінің орындалуы нәтижесінде;" ;

94) 348-бап мынадай редакциядағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Міндеттеменің жекелеген түрлері бойынша қарызды аудару ерекшеліктері заң актілерінде белгіленуі мүмкін." ;

95) 350-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер мұның өзі міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктен жалтару мақсатымен жасалғанын дәлелдесе, несие беруші борышқордың, сондай-ақ оның мүлік иесінің кез келген іс-әрекетін жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы." ;

96) 354-баптың 3-тармағындағы "босатпайды" деген сөз "босатады" деген сөзбен ауыстырылсын ;

97) 357-баптың 2-тармағындағы "не негізгі борышқордың есебінен өндіріп алу" деген сөздер алып тасталсын ;

98) 358-баптың 2-тармағындағы "заңмен" деген сөз "заңдармен" деген сөзбен ауыстырылсын ;

99) 364-баптың 2-тармағындағы "заң" деген сөз "заң актілері" деген сөздермен ауыстырылсын ;

100) 368-бапта 2-тармақ алып тасталсын ;

101) 370 - бапта :

2-тармақтың 5) тармақшасында "заңда" деген сөз "заңдарда" деген сөзбен ауыстырылсын ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Талап өзгеге өткен жағдайда борышқор жаңа несие берушінің талабына қарсы өзінің бастапқы несие берушіге кері талабын есепке жатқызуға құқылы." ;

102) 372-баптың 1-тармағының қазақша мәтіні өзгертілмесін ;

103) 390-баптың 7-тармағының қазақша мәтіні өзгертілмесін ;

104) 401-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту (осы Кодекстің 404-бабы) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі." ;

105) 403-баптың 4-тармағындағы "заңда" деген сөз "заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

106) 404-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"404-бап. Шартты орындаудан біржақты бас тарту
(ш а р т т а р б а с т а р т у)

1. Шартты орындаудан біржақты бас тартуға (Шарттан бас тартуға) осы Кодексте, өзге де заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол

б е р і л е д і .

2. Тараптардың бірі, атап айтқанда:

1) шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаған (осы Кодекстің 374-бабы) ;

2) белгіленген тәртіппен екінші тарапты банкрот деп таныған;

3) шарт жасалғанда негізге алынған мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайларда шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

3. Егер заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шарт мерзімі көрсетілмей жасалған жағдайда шартты орындаудан біржақты бас тартуға жол б е р і л е д і .

4. Егер осы Кодексте, басқа да заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда бір тарап бұл туралы екінші тарапқа бір айдан кешіктірмей ескертуге тиіс.

2. "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қ а у л ы с ы н д а :

4-тармақтың бірінші абзацы алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Азаматтық кодекстің (жалпы бөлім) 240-бабының күші (сатып алу мерзімінің ескіруі) мүлікті иелену 1995 жылғы 1 наурызға дейін басталған және осы Кодекс күшіне енгізілгенге дейін жалғасқан жағдайларға да қолданылады."

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е з и д е н т і*